



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 22 қараша N 44-І

1995 жылғы 23 қарашада Алматы қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және қорғау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ЖӘНЕ
СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ ҚҰРАМА КОРОЛЬДІГІНІҢ ҮКІМЕТІ
АРАСЫНДАҒЫ
ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ**

Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі бір мемлекет азаматтары мен компанияларының екінші мемлекет аумағындағы инвестицияларын молайту үшін қолайлы жағдай жасауға тілек білдіре отырып;
халықаралық шартқа сәйкес жүзеге асырылатын мұндай инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау жеке кәсіпорындардың бастамасын дамытуға жәрдемдесетінін және екі мемлекеттің тұрмыс-жағдайын көтеретінін мойындай отырып;
мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1 - БАП
Айқындамалар

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында:

а) "инвестиция" термині кез келген актив түрін білдіреді және оған ішінара, бірақ ерекшелік емес ретінде мыналар кіреді:

1. Қозғалмалы және қозғалмайтын мүлік және мүлік салу, борышкердің мүлкіне тыйым салу құқығы, қардарлық пен кепілдік сияқты басқа да кез келген мүліктік құқықтар;

2. Акциялар, бағалы қағаздар, кез келген компанияның борыштық міндеттемелері, сондай-ақ компанияға қатысудың басқа да кез келген нысандары;

3. Ақшалай міндеттемелер немесе қаржылық құны бар контрактыға сәйкес басқа да кез келген міндеттемелер;

4. Интеллектуалды меншік құқықтары, гудвилл, технологиялық процестер және ноу-хау;

5. Табиғи ресурстарды іздестіру, игеру, өндіру немесе пайдалануды қоса алғанда, заңмен немесе контрактымен сәйкес кәсіпорынға берілетін жеңілдіктер.

Активтер инвестицияланатын түрдің өзгеруі олардың инвестиция ретіндегі сипатына ықпал етпейді, ал "инвестиция" термині осы Келісім күшіне енген күнге дейін немесе одан кейін жүзеге асырылған инвестициялардың барлық түрлері кіреді.

ә) "табыстар" инвестициялардан алынған сомаларды білдіреді, бұған ерекшелік емес ретінде, атап айтқанда, пайда, проценттер, капиталдың көбеюі, дивидендтер, роялти және сыйақылар кіреді.

б) "азаматтар" термині мыналарды білдіреді:

1. Қазақстан Республикасына қатысты алғанда: Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы ретінде мәртебесі бар жеке тұлғалар;

2. Құрама Корольдікке қатысты алғанда: Құрама Корольдіктің қолданыстағы заңдарына сәйкес Құрама Корольдіктің азаматы ретінде мәртебесі бар жеке тұлғалар.

в) "компаниялар" термині мыналарды білдіреді:

1. Қазақстан Республикасына қатысты алғанда: заңдық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және осы заңдарға сәйкес заңды тұлға болып табылатын корпорациялар, компаниялар, ассоциациялар, серіктестіктер немесе өзге де ұйымдар;

2. Құрама Корольдікке қатысты алғанда: Құрама Корольдіктің қолданыстағы заңдарына сәйкес немесе 12-баптың ережелеріне сәйкес осы Келісімнің күші таратылатын кез келген аумақта құрылған немесе жасалған корпорациялар, фирмалар және ассоциациялар.

г) "аумақ" термині мыналарды білдіреді:

1. Қазақстан Республикасына қатысты алғанда: халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасы өзінің егемен құқықтары мен заңдарын жүзеге асыратын ерекше экономикалық аймақтарды, су асты жазығы мен жер қойнауларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағы;

2. Құрама Корольдікке қатысты алғанда: Құрама Корольдіктің аумақтық теңізі және аумақтық теңіз суларын жағалай орналасқан басқа да кез келген аумақтық теңіз қосылады, олар Құрама Корольдіктің ұлттық заңына және халықаралық құқыққа сәйкес олардың аумағында Құрама Корольдік теңіз түбі мен оның жер қойнауы, сондай-ақ табиғи ресурстарға қатысты өз құқықтарын жүзеге асыра алатын аумақ ретінде саналған немесе болашақта санала алатын, сол сияқты 12-баптың ережелеріне сәйкес осы Келісім қолданылатын кез келген аумақ.

2 - Б А П

Инвестицияны көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз аумағында капитал инвестициялау мақсатында екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарын немесе компанияларын көтермелеп, оларға қолайлы жағдайлар жасайды және өзінің заң бойынша өкілеттігін жүзеге асыру құқығына сәйкес осындай капиталды қабылдайды.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының инвестицияларына әр уақытта әділетті әрі тең жағдайлар, сондай-ақ екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында толық қорғау мен қауіпсіздік жасалады.

Уағдаласушы Тараптардың бірде-біреуі екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының өз аумағында инвестицияларға бақылауды сақтауды, қолдануды, пайдалануды немесе иеленуді жүзеге асыруына жосықсыз немесе кемсітушілік шараларын қандай жағдайда да қолдана алмайды. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының инвестицияларына қатысты қабылдануы мүмкін кез келген міндеттемені бұлжытпай сақтайтын болады.

3 - Б А П

Ұлттық режим және неғұрлым қолайлы жағдай туғызу режимі туралы ережелер

1. Уағдаласушы Тараптардың бірде-біреуі өз аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының инвестициялары немесе табыстары бойынша кез келген үшінші мемлекеттің азаматтарының немесе компанияларының инвестицияларына яки табыстарына қарағанда қолайлығы кем режим туғызылуына

ж о л б е р м е й т і н б о л а д ы .

2. Уағдаласушы Тараптардың бірде-біреуі өз аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарына немесе компанияларына олардың инвестицияларын басқару, сақтау, пайдалану, иелену немесе оларға билік ету жөнінде өздерінің төл азаматтарына яки компанияларына қарағанда қолайлылығы кем режим туғызылуына жол бермейтін б о л а д ы .

3. Күдік тумауы үшін осы Келісім: жоғарыда аталған 1 және 2-параграфтарда қамтамасыз етілген режим осы Келісімнің 1-ден 11-ге дейінгі баптарының ережелеріне с а й к е л е т і н і н р а с т а й д ы .

4 - Б А П Ш ы ғ ы н д а р д ы ө т е у

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматтары немесе компаниялары, олардың инвестициялары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында соғыс немесе өзге де қарулы жанжал, революция, төтенше жағдай, көтеріліс, бүлік немесе жаппай тәртіпсіздік туа қалған жағдайда зиян шеккен болса, шығынның орнын жабу, зиянды қалпына келтіру, өтеу немесе басқа да кез келген реттеушілік жөнінде соңғы Уағдаласушы Тарап жасайтын кез келген үшінші мемлекеттің азаматтарына яки компанияларына қарағанда қолайлылығы кем емес режимді пайдаланатын болады. Түпкілікті төлем еркін аударылуға тиісті.

2. Аталған баптың 1-параграфына зиян тигізбей осы параграфта көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында зиян шеккен бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары мен компаниялары мынадай жағдайларда зиян ш е к с е :

а) өз меншігі күшпен немесе өкімет органдары арқылы тартып

алынса; немесе

ә) олардың меншігі күшпен немесе үкімет органдары арқылы қиратылған реттерде;

бұлар соғыс қимылдарының салдары болмаса немесе осы жағдайда міндетті болып табылмаса, шеккен зиянына тиісті өтем немесе балама өтем алуы тиіс.

Түпкілікті төлем еркін аударылуға тиісті.

5-БАП Экспроприация

1. Кез келген Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының инвестициялары екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында национализацияланбауға, экспроприацияланбауға тиіс немесе национализациялауға яки экспроприациялауға (осы арада және бұдан былай "экспроприация" дегенді білдіретін) тепе-тең тиімділігі бар шараларға ұшырамауы керек, бұларға кемсітпеушілік негізде және нақты, адекватты және тиімді өтемге сәйкес сол Тараптың ішкі мұқтажына жататын мемлекеттік мүдделер тұрғысында жасалған жағдайлар жатпайды. Мұндай өтем бұрынғы қалпына қарамастан белгіленген, экспроприацияланған инвестицияның экспроприация тікелей іске асырылғанға немесе экспроприациялау қаупі төнгенге дейінгі толық мәніндегі құнына сәйкес есептелуге тиісті, оған төлем жасалғанға дейінгі қалыпты коммерциялық бағам бойынша төлем күніне дейін процент қосылып, уақыт өткізбей ұтымды сатылуы және еркін түрде аударылуы керек, Экспроприацияға ұшыраған азаматтың немесе компанияның экспроприацияны жүргізетін Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес өз іс-қимылдары және осы параграфта белгіленген принциптерге орай өз инвестицияларының бағаланғаны туралы аталған Тараптың заң орындарының немесе тәуелсіз органдарының қорытындысын алуға құқығы бар.

2. Кез келген Уағдаласушы Тарап өз аумағының кез келген бөлігінде қолданылып жүрген заңға орай компанияның құрылған немесе жасалған кез келген компаниясының активтерін экспроприацияласа, сол сияқты аталған аумақта екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының да акциялары болса, Уағдаласушы Тарап қажетті мөлшерде дұрыс, тепе-тең әрі тиімді өтем төлеуге кепілдік беру жөніндегі осы баптың 1-тармағындағы ережелерді осындай акцияларды иемденуші екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының жеке компанияларының инвестицияларына да қатысты қамтамасыз етеді.

6 - Б А П

Инвестициялар мен табыстарды репатриациялау

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының және компанияларының инвестицияларына қатысты олардың инвестициялары мен табыстарының шектеусіз аударылуына кепілдік береді. Аударымдар кідіріссіз, аталған капитал әуел баста инвестицияланған өтімді валютада немесе инвестор мен мүдделі Уағдаласушы Тарап арасында келісілген кез келген басқа да өтімді валютада атқарылуы тиіс. Басқаша келісімге тоқтағанша инвестордың аударымдары осы аударым атқарылатын күнге қолданылып отырған айырбас бағамы бойынша қолданылып жүрген айырбас ережелеріне сәйкес жасалуға тиіс.

7 - Б А П

Аталған Келісімнің Уағдаласушы Тараптың немесе басқа үшінші мемлекеттің азаматтарына яки компанияларына қолданылатын режимнен қолайлығы бір де кем емес режим жасауға қатысты ережелері Уағдаласушы Тараптардың біреуін кез келген режимнің қолайлылығын, қарым-қатынас жағдайын немесе артықшылығын екінші Тараптың азаматтарына яки компанияларына қолдануға міндеттейді деген сөз емес, ол м ы н а л а р д а н :

а) кез келген Уағдаласушы Тарап қазіргі уақытта бар немесе болашақта құрылатын Кеден одағына немесе осындай халықаралық келісімге қатысатын тұлға болып табылатындығынан немесе болуы мүмкіндігінен;

ә) тұтастай немесе басты тұрғыда салық салынуға қатысты кез келген халықаралық келісімнен яки шарттан немесе тұтастай немесе басты тұрғыда салық салынуға қатысты кез келген ішкі заңдардан туындайды.

8 - Б А П

Инвестор мен қабылдаушы тараптың арасындағы дауларды шешу

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматтары немесе компаниялары мен екінші Уағдаласушы Тараптың арасында соңғысының осы келісімге сәйкес міндеттемелеріне қатысты инвестицияларға байланысты достық негізде реттелмеген даулары үш айдан кейін талаптар туралы мәлімдемеден соң, егер мүдделі азамат немесе компания солай болуын қаласа, халықаралық төрелік сотқа тапсырылуға тиіс.

2. Дау төрелік соттың халықаралық органдарына тапсырылған жағдайларда азамат немесе компания, сондай-ақ мүдделі Уағдаласушы Тарап дауды шешу мақсаттарында мына келесі органдарға өтініш жасауға құқықты:

а) Инвестициялық Дауларды Шешу жөніндегі Халықаралық Орталық (қолдануға болатын жерде, Мемлекеттер мен басқа мемлекеттер азаматтарының арасындағы инвестициялық дауларды шешу жөніндегі Вашингтонда 1965 жылғы 18 наурызда қол қою үшін ашылған Конвенцияның ережелеріне, сондай-ақ мәмілеге келу, төрелік және тергеу процедураларына басшылық жөніндегі Қосымша келісімнің ережелеріне қ а т ы с т ы б о л а о т ы р ы п) ;

ә) Халықаралық Сауда палатасының Төрелік Соты;

б) Халықаралық Аралық Сотқа немесе ЮНСИТРАЛ төрелік сотының ережелеріне сәйкес (БҰҰ-ның Халықаралық Сауда құқығы жөніндегі комиссиясының) арнайы тағайындалған төрелік соты.

Талаптар туралы жазбаша мәлімдеменің датасынан бастап үш ай мерзім ішінде жоғарыда келтірілген баламалы процедуралардың кез келгеніне сәйкес келісімге қол жетпесе, онда мүдделі азаматтың немесе компанияның жазбаша мәлімдемесіне сәйкес

дау ЮНСИТРАЛ төрелік сотының қолданыстағы ережелеріне сәйкес төрелік сотқа беріледі.

Даудың қатысушылары осы Ережелерді жетілдіруге жазбаша түрде келісу құқығына ие.

9 - Б А П

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісімді түсіну немесе қолдануға байланысты даулар мүмкіндігінше дипломатиялық арналар арқылы шешілуі тиіс.

2. Егер Уағдаласушы Тараптардың арасындағы даулар мұндай жолмен шешілмейтін болса, онда ол Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің жазбаша өтініші бойынша Төрелік соттың қарауына берілуі мүмкін.

3. Мұндай Төрелік сот әрбір жеке жағдай үшін төмендегідей тәртіппен құралатын болады. Мәлімдеме алынған күннен бастап, әрбір Уағдаласушы Тарап соттың бір-бір мүшесін тағайындауға тиіс. Сосын осы екі мүше үшінші бір мемлекеттің Соттың Төрағасы болып тағайындалатын азаматын, оның кандидатурасын екі Уағдаласушы Тарап мақұлдаған соң, таңдайды. Төраға осы екі мүше тағайындалған соң екі ай ішінде тағайындалады.

4. Егер осы баптың 3-параграфында көрсетілген кезең ішінде қажетті тағайындаулар жасалмаған болса, кез келген басқа келісім болмағандықтан, Уағдаласушы Тараптардың кез келгені қажетті тағайындаулар жасауға халықаралық Соттың Президентін шақыра алады. Егер Президент Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің азаматы болып табылса немесе егер жоғарыда айтылған міндеттердің орындалуына кедергі келтіретін болса, ондай жағдайда қажетті тағайындауларды жасауға Вице-Президент шақырылады. Егер Вице-Президент Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің азаматы болып табылса немесе егер ол да жоғарыда айтылған міндеттерді атқаруға кедергі келтіретін болса, ондай жағдайда қажетті тағайындауларды жасау үшін Халықаралық соттың мәртебесі бойынша одан кейінгі қызметі жоғары және Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің азаматы болып табылмайтын мүшесі шақырылады.

5. Төрелік сот өз шешімін көпшілік дауыспен қабылдайды. Мұндай шешімдер Уағдаласушы Тараптардың екеуі үшін міндетті болып табылады. Әрбір Уағдаласушы Тарап соттағы өз мүшесінің шығындарын, сондай-ақ төрелік процедуралардағы оның өкілдік етуінің шығындарын өз мойнына алады; Төрағаның шығындары мен қалған шығындардың бағасын Уағдаласушы Тараптардың екеуі тепе-тең бөлікте төлейді. Алайда сот Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің шығындарды төлеу үлесін көбейту туралы өз шешімін қабылдауға құқықты және бұл шешім да Уағдаласушы Тараптардың екеуі үшін міндетті болып табылады. Сот өзінің процедураларын

1. Егер Уағдаласушы Тараптың бірі немесе оның өкілетті Агенттігі ("бірінші Уағдаласушы Тарап") екінші Уағдаласушы Тараптың ("екінші Уағдаласушы Тарап") аумағындағы кез келген инвестицияларға қатысты тартқан зияндар бойынша төлемді жүзеге асырса, онда екінші Уағдаласушы Тарап:

а) зиян шеккен Тараптың барлық құқықтары мен талаптарын заңға немесе заңды түрде рәсімделген операцияларға сәйкес беруді бірінші Уағдаласушы Тараптың тағайындауын;

ә) бірінші Уағдаласушы Тараптың осындай құқықтар мен талаптарды

орындауға зиян шеккен Тарап сияқты тап сол дәрежеде суброгация арқылы жүзеге асыруға өкілетті екенін мойындайды.

2. Бірінші Уағдаласушы Тарапқа барлық жағдайларда да дәл осындай режим:

а) тағайындау арқылы өзі алған құқықтар мен талаптарға, және

ә) осындай құқықтар мен талаптарды жүзеге асыру себебінен алынған кез келген төлемдерге;

зиян шеккен Тарапқа осы келісім арқылы инвестицияларға және соларға байланысты табыстарды алу ұйғарылған жағдайларда беріледі.

3. Өзіне алған құқықтар мен талаптарға сәйкес бірінші Уағдаласушы Тараптың өтімсіз валютада алған кез келген төлемдері екінші Уағдаласушы Тарап аумағында шеккен кез келген шығындарының орнын толтыру мақсаттарында бірінші Уағдаласушы Тарапқа еркін берілуі тиіс.

11-БАП

Басқа ережелерді қолдану

Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің заңдарының ережелері немесе міндеттемелері халықаралық құқыққа сәйкес қазіргі уақытта қолданыста жүрген немесе кейінірек Уағдаласушы Тараптардың арасында осы келісімге қабылданған қосымшаларда олардың жалпы немесе нақты болғандарынан тәуелсіз екінші Уағдаласушы Тараптың азаматтарының немесе компанияларының инвестицияларына

осы келісімге сәйкес жасалатын режимнен қолайлырағы болса, мұндай ережелер олардың қолайлырақ дәрежесінде осы келісімнен үстем болады.

1 2 - Б А П
А у м а қ т ы қ т а р а т у

Осы Келісімнің күшіне енуі кезінде немесе енгеннен кейінгі кез келген уақытта осы келісімнің ережелері Уағдаласушы Тараптардың арасындағы ноталар алмасу түріндегі келісім бойынша Құрама Корольдіктің Үкіметтері халықаралық қарым-қатынастар үшін жауап беретін аумақтарға қолданылуы мүмкін.

1 3 - Б А П
К ү ш і н е е н у і

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Тарапқа осы келісімнің күшіне енуі үшін оның аумағындағы қажетті конституциялық нысандылықтардың аяқталғаны туралы жазбаша түрде мәлімдейді. Осы келісім екі мәлімдеменің соңғысы алынған күні күшіне енеді.

1 4 - Б А П
Ұ з а қ т ы ғ ы ж ә н е а я қ т а л у м е р з і м і

Осы Келісім он жыл бойы күшінде болады. Бұдан соң Уағдаласушы Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтату туралы жазбаша мәлімдеген датасынан бастап он екі ай ішінде қолданыла береді. Осы Келісімнің қолданыста болған кезінде жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты жағдайда, оның ережелері осындай инвестицияларға қатысты тоқтатылған соң да жиырма жыл бойы және жалпыға бірдей халықаралық құқық ережелерін қолдануға нұқсан

келтірмей қолданыла береді.

Осыны куәландыру үшін, өз Үкіметтерінен тиісті түрде өкілеттік алған төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

Лондон қаласында 1995 жылғы "23" қарашада қазақ және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, сондай-ақ екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік
Үкіметі үшін Ирландия Құрама Корольдігінің
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ